

ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ
БАСҚАРМАСЫ



МӘУЛІТ МҮБӘРАК



Алматы, 2015ж

УДК-28
ББК-86.38
Е-85



*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
сараптау комиссиясы мақұлдаған*

*Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының
тапсырысы бойынша*

Құрастырған:

Мұхамеджан ЕСТЕМІРОВ, дінтанушы

Пікір жазған:

**Ахметжан қажы Керімбек,
ҚМДБ-ның ОҚО бойынша өкіл имамы**

ISBN 9965

Бұл шағын еңбекте Ардақты пайғамбарымыз Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) туған айы – Мәуліт айының қадір-қасиеттері мен онда оқылатын салауаттар, мәуліт хұтбалары енгізілген. Кітапша көпшілік қауымға арналған.

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы, 2015 ж

**Бисмиллаһир рахманир рахим
Аса Қамқор, Ерекше Мейірімді Алланың
атымен бастаймын!**

إن الحمد لله نحمده، ونستعينه، ونستغفره، ونعوذ بالله من
شرور أنفسنا، وسيئات أعمالنا، من يهده الله فلا مضل له، ومن
يضلل فلا هادي له، وأشهد أن لا إله إلا الله وحده لا شريك له ،
وأشهد أن محمدا عبده ورسوله.

Барлық мақтау бүкіл әлемнің иесі Аллаға
тән. Сәлем әрі салауат бүкіл әлемге
қамқорлық ретінде жіберілген әлемнің ең
соңғы Пайғамбары Мұхаммед саллаллаһу
алайһи уәсалламға Алланың игілігі һәм
салауаттары нәсіп болсын!

МӘУЛІТ МЕРЕКЕСІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қадірменді бауырлар!

Күллі мұсылман қауымы адамзаттың абзалы
болған, екі дүниенің сардары пайғамбарымыз
Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі
болсын) туған айы – мәуліт мерекесін тәлім мен
тәрбиеге толы рухани басқосуларда атап өтуде.
Мешіттерімізде Аллаға мадақ, пайғамбарымызға
(Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын)

салауаттар айтылып, Тәуелсіз еліміздің рухани тұтастығы мен халықтар бірлігі үшін дұға жасалуда. Жер-жерде сауапты да, салауатты іс-шара – мәуліт кешін ұйымдастыру жалғасын тауып келеді.

Мәуліт арабша «туылу», «туылған уақыты» деген мағыналарды білдіреді. Адамзаттың асылы, пайғамбарлардың ардақтысы Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) туған уақытына байланысты тойланатын мейрам мәуліт мерекесі деп аталады. Қиямет күнгі шапағатшымыз, ұстазымыз, жолбасшымыз Пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) туған күнін атап өту – құптарлық жақсы амал.

Мұсылмандардың өміріндегі басты идеал болуы тиіс пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өнегелі өмірі мен өсиетін, тығылымы толассыз ғибратты ғұмырын халқымызға насихаттау – баршаға ортақ игі іс. Бұл дінімізді насихаттаудың, жас ұрпақты имандылыққа, жақсы мінез-құлыққа шақырудың орайлы бір сәті.

Әлемдердің Раббысы қасиетті Құранда пайғамбарымызды (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): **«Шын мәнінде сен әлбетте**

ұлы мінезге иесің» (Қалам сүресі, 4-аят), – деп сипаттаса, тағы бір аятта барша адамзатты Алла Елшісінен (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өнеге алуға шақырады: **«Расында сендер үшін, Алланы да ақырет күнін де үміт еткендер және Алланы көп еске алған кісілер үшін Алланың Елшісінде көркем өнегелер бар»** (Ахзаб сүресі, 21-аят).

Олай болса, бүкіл ғаламға мейірім ретінде жіберілген елшінің есімін ардақтау, сүннетіне амал ету – сауапты іс. Ақиқатында, Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) жаны жай тапқанша үмметіне деген үгітін еш үзбеді, көңілдердегі кірді, қайғы-қасіретті кетірді, әлсізді демеді, шектен асқанды сабасына түсірді, күллі адамзаттың рухани әлемін дүр сілкіндірді, зұлымдық пен надандықтың қараңғылығын сейілтті, ізіне ерген ізгілерді жақсылыққа жұмылдырып, жарқын болашаққа бастады. Үмметіне, яғни Сіз бен бізге пәни дүниеде бағдарымыз болатын Алланың кәләмі Құран кәрім мен өзінің жан адам адаспайтын сара жолы – сүннетін қалдырды. Оны (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) досымен қатар дұшпаны да мойындады.

Ардақты ағайын!

Шарапаты мол мәуліт мерекесі біздің халқымызға да құтты болсын. Осынау айтулы мейрамның аясында Алла Елшісін (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) көбірек танып, өсиеттерін тереңірек түсінуді нәсіп етсін. Осы мереке адамдар арасындағы рақым-мейірімнің, имандылықтың, бауырмалдықтың арта түсуіне бір сеп болғай. Пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) әміріне мойынсұнып, тыйымынан тыйылуға түрткі болғай.

Мәуліт айында Алланы мадақтап, пайғамбарға салауат айтып, өзгелерге жақсылық жасаудың сауабы теңдессіз. Құран оқып, Мұхаммед пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өмірі мен өнегесі жайлы кітап оқудың да мұсылманға берері мол.

Алла тағала елімізге, жерімізге берекетін жаудырып, халқымыздың кең пейілі мен ізгі ниетіне сай, бірлігімізге сызат түсірмей, жақсылығын нәсіп еткей! Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, мемлекетіміздің мерейі үстем, еліміздің егемендігі баянды болғай!

Жаратушы Иеміз баршамызды жақсылықта, сауапты істерде, ел игілігі

жолындағы жұмыстарда, берекелі басқосуларда
жолықтырғай! Екі дүниеде де жүзіміз жарқын,
мұратымыз асыл, дұғамыз қабыл болғай!

Ержан қажы МАЛҒАЖЫҰЛЫ,
Қазастан мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти

МӘУЛІТ

Адамзат тарихында ең ұлы – сүйікті пайғамбарымыз хазіреті Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) дүниеге келген мәуліт күні жөнінде Алла Тағала Құран Кәрімде: **«Ей, адамдар! Сендерге өз араларыңнан бір пайғамбар келеді. Сендер тауқыметке ұшырасандар – Оған ауыр тиеді. Ол сендердің тура жолда болғандарыңды қалайды, мүміндерге құштар, өте жанашыр»** («Тәубе» сүресі, 128-аят), - деген.

Ол Құрайыш тайпасынан, оның ішіндегі Бани һашим әулетінен шыққан. Туылған жері дініміз үшін ең қасиетті орын саналатын һәм Алла Тағаланың рахметі жауып тұратын Мекке қаласы. Әкесінің аты **Абдуллах**, оның әкесі Әбдүлмүттәліп, оның әкесі Һашим, оның әкесі Абдулманап. Анасының есімі – **Әмина**. Пайғамбарымыз ата-анадан жалғыз. Өйткені, әкесі перзенті өмірге келмей тұрғанда дүние салған, анасынан да пайғамбарымыз 6 жасында айырылған. Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Исадан (ғ.с.) милади жыл санауы бойынша, **571 жыл кейін**, 20 сәуірде,

нижри санауы бойынша Рабиул-әууал айының **12-сі, дүйсенбі** күні дүниеге келген.

Ана кұрсағында 6 айлық болғанда: **«Құдайдың досы, соңғы пайғамбарға жүкті болдың, бұл бала туылғанда есімі Мұхаммед болсын»,** - деп Әминаға аян етіледі.

Ол дүниеге келген таңда ғажап оқиғалар болды. Дүние нұрға толды. Әмина туғанда әйелдер әдеті бойынша толғақ қысу, қан кетуге ұқсас қиыншылықтарды көрмеді. Пайғамбарымыз туылғанда үстінен жұпар иіс аңқып тұрды. Келінінің нұрлы пір перзент көргендігін естіп атасы Әбдүлмүттәліп үлкен той жасады. Құрайыш руының ұлықтарын шақырды. Сүйікті немересіне Мұхаммед деп есімін қойды.

Мұхаммед сөзінің түбірі «мақтау», «ризашылық» дегенді білдіреді. Осы сөзден мақтау, мадақ, Аллаға шүкір, мақтаулы, ең мақтаулы деген сөздер туындайды. Сөйтіп, пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бірнеше аттары бар: **Мұхаммед, Ахмед, Махмуд, Мұстафа.**

Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қыр мұрынды, сақалы үлкен және

калың, дөңгелек жүзді, қызыл шырайлы, жүзінен нұр тамып тұратын адам екен. Екі жауырының ортасында пайғамбарлық мөрі бар еді. Мұбарак тістері аппақ болып жарқырап, сөйлегенде аузынан нұры шашылып тұратын. Денесі тап-таза, хош иісті еді. Терлегенде де одан әдемі иіс шығып тұратын. Біреуге қол беріп амандасса, ол кісі күні бойы сол иіске бөленіп, көңілі хош жүретін. Мұбарак қолымен бір сәбидің басын сипаса, ол сәби басқа сәбилерден хош иісімен ерекшеленіп шыға келетін. Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өте сезімтал, алыстағыны еститін, көреген еді.

Жүргенде жеңіл адымдап, тез-тез жүретін, сырттан қарағанда жәй жүріп бара жатқандай көрінетін. Бірақ жанындағылар қанша тез жүрсе де ілесе алмай қалып қоятын.

Бос сөз сөйлемейтін, әрбір сөзі хикмет және насихат еді. Жылы жүзді, тәтті сөзді болатын. Ешкімге жаман сөйлемейтін, ешкімге жамандық жасамайтын, ешкімнің сөзін бөлмейтін. Жұмсақ мінезді, өте кішіпейіл еді. Айбатты және байсалды еді. Қатты күлмей, тек жымиятын. Жұртқа көзінің қиығымен ғана қарайтын. Сахабаларды алдына жіберіп, өзі соңында

жүретін. Кім-кімге де бірінші болып сәлем беретін.

Туған-туыстарын құрмет тұтатын, үй ішімен, сахабаларымен жақсы қарым-қатынаста болатын. Қызметшілерін жақсы көретін, өзі не ішсе, не кисе, оларға да соны ішкізіп, соны кидіретін.

Өте жомарт, қолы ашық, мейірімді, жұмсақ мінезді, уәдесіне берік еді. Қорыта айтқанда, жаратылысы да, мінезі де әдемі, адамдардың ең кәмілі, теңдессіз еді. Ал енді айтулы мерекенің шығу тарихына аз-кем тоқталып өтуді жөн санаймын.

Мәуліт – араб сөзі, қазақша «туылған күн» деген мағына береді. Бұл атау Алла Тағаланың ең сүйікті пендесі, Адамның (ғ.с.) Иса (ғ.с.) пайғамбарға дейінгі Алла Тағала елшілерінің соңғысы әрі сардары Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) дүниеге келуінің құрметіне берілген. Сондықтан да әр жылы Рабиул - әууал айында Алла Тағала өзінің сүйікті пайғамбары Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) үметті етіп жаратқанына сансыз шүкірлік етіп, Оған салауаттар айтып, Мәулітті Ислам әлеміндегідей мерекелеу бізде

де дәстүрге айналып келеді.

Қазіргі таңда мәуліт көптеген мұсылман елдерінде атап өтіледі. Марокконың ортағасырлық тарихшысы әл-Ифрани: **«Жұрт жайғасқаннан соң ислам ғұламасы алға шығады да Пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) ізгі сипаттары жайлы әңгімелейді. Оның туғанынан бастап өмірінің соңына дейін басынан кешкен жәйттерін саралап шығады»,** – деп жазды. Осындай уағыздар мен онда баяндалатын кейбір оқиғалар желісі кейінірек маулидийа дастандарының шығуына себеп болған.

Алайда пайғамбарға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) жыр арнау дәстүрі оның көзі тірі кезінде де болған. Мысалы, Каъб бин Зухайр (?-662) атты ақын оған «Банат Суад» атты поэмасын арнаған. Осы ақынға еліктеп көптеген шайырлар да пайғамбарға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өз жырларын бағыштаған. Маулудийа поэмаларында хазреті Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) туғанынан бастап, бақилыққа көшкенге дейінгі өмірі жайлы айтылады. Ол құрылымы жағынан араб әдебиетінің дәстүрлі

жанрларының бірі – қасидалардан алшақ емес. Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) ерекше жаралғандығы мен керемет қасиеттері жөніндегі әңгімелердің кең тарауына байланысты пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) туған күні – мәулітті жыл сайын тойлап отыру дәстүрі өмірге осылай келген.

Қазақ елінде мәуліт ана тілімізде де оқылған. Бірқатар ақындар мен дін қайраткерлерінің қазақ тілінде жазылған мәуліт жырлары бар. Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и Рашидидің» алғы сөзінде пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) арнап «Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мүміндер көзінің нұры, жаратылыстың гүлзары, екі жаһанның тәжі», - деп мадақ сөз жазыпты.

МӘУЛІТ ЖАЙЛЫ ОЙШЫЛДАР ОЙЫ

«Жыл сайын пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) туған күніне сәйкес келетін осы күндерде істелетін садақалар, амру-маъруф және адамдардың бойынан көрінетін көркем мінезділік пен қуанышты істер – заманымыздың ең жақсы жаңалығы»

Имам Науауи

«Кім де кім пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мәулітіне қатысып, оны ұлықтаса, ол шынында да иманды»

Жүнайд Бағдади (р.а.)

«Менің Ухуд тауындай алтыным болса, оны пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мәулітін оқытуға жұмсар едім»

Хасан Әл-Басри (р.а.)

«Бір үйде немесе мешітте пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мәуліті оқылса, сол үйдің немесе мешіт адамдарын періштелер қоршап алады, олардың барлығына Алла Тағаланың рахметі жауады және нұрға бөленеді. Себебі, періштелер пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мәуліт оқыған адамға салауат айтып тұрады»

Жалалад-Дин ас-Суйути (р.а.)

ТҰЛҒАЛАР ТҰЖЫРЫМЫ

«Мен мынаны мойындаймын: Мұхаммед – ғажап бір күш. Жаратушы мұндай кісіні екінші рет жарата қоймас. Ей, Мұхаммед, сенің замандасың бола алмағаныма қатты өкінемін. Өзің таратқан мына кітап сенікі емес. Ол Күдайдікі. Бұл кітаптың Алладан екенін мойындамау – ғылымды түгелдей жоққа шығарғанмен бірдей күлкілі нәрсе. Адамзат баласы сен секілді ғажап адамды бір-ақ рет көрді, ендігәрі көре алмас. Мен сенің алдында құрметпен бас ием»

Пренс Отто Вон Бисмарк.

«Саған жапқан жаламыздың бәрі шындығында біз үшін өте ұят. Ол – жаны жайсаң, тұлғасы биік, барынша байсалды жан. Мақсаты – дүниені жарыққа бөлеу болды. Өйткені, мұны Жаратушының өзі оған бұйырған».

Томас Карлиль.

«Мұхаммедтің ақыл-парасаты патшалық сән-салтанаттың өзін түкке тұрғысыз, өте қарабайыр деп білді. Алланың елшісі өз отбасында қызметші секілді от жағып, үй сыпырды, қой сауып, киімдері мен аяқ киімдерін өзі тікті. Мемлекет әрі дінбасы екенін «ұмытып», таза табиғи қалпынан аумай-ақ, тақуа ғұмыр кешті».

Эдуард Гиббон.

Есімі тарихта әскери данышпан, сонымен қатар мемлекет қайраткері ретінде танылған Франция императоры бірінші Наполеон (1769-1821 ж.ж.) Мысырға кірген жылы (1798 ж.) Ислам дінінің ұлылығына, дұрыстығына қайран қалған, тіпті бір кездері мұсылмандықты қабылдау туралы да ойлаған. Төменде айтылған сөздер Черфилистің «**Vonaparte et Islam**» атты еңбегінен алынған: «**Ол былай дейді: Аллаһу тағаланың бар және бір екендігін Мұса алейһиссалам өз ұлтына, Иса алейһиссалам өз үмбетіне, ал Мұхаммед алейһиссалам бүкіл әлемге білдірді. Арабстан толығымен пұтқа табынатын еді. Иса алейһиссаламнан алты ғасырдан кейін Мұхаммед алейһиссалам**

өзінен бұрын келген Ибраһим, Исмаил, Мұса және Иса алейһиссаламдаруағыздаған Аллаһу тағаланы арабтарға танытты. Арабтардың қасындағы ариандар (Ариус мазһабындағы христиандар) және Исаның ақиқат дінін бұзып, оларға үш тәңірі, яғни Алла, Алланың ұлы, Қасиетті рух сияқты сенімдерді таратуға тырысқандар шығыстағы бейбіт өмірдің шырқын бұзған еді. Мұхаммед алейһиссалам оларға тура жолды көрсеткен, Алланың бір екендігін, Оның әкесінің де, баласының да жоқ екендігін айту арқылы бірнеше құдайға сыйынудың пұтқа табынушылықтан қалған әдет екендігін түсіндірді» Кітаптың тағы бір жерінде Наполеон: «Жақын арада бүкіл әлемнің зиялы адамдарын жинап, бір үкімет құруға және бұл үкіметті Құранда жазылған негіздер бойынша басқаруға мүмкіндік табамын деп ойлаймын. Тек Құранда жазылған негіздердің дұрыстығына сенемін. Бұлар адамды бақытқа жеткізеді» дейді.

Әлем мойындаған ең танымал ғұламалардың бірі шотландық Томас Карлайл (1795-1881

ж.ж.) 14 жасында университетке түсіп, заң, әдебиет және тарих саласында білім алып, неміс және шығыс тілдерін меңгереді. Атақты неміс әдебиетшісі Гетемен хат алмасып, онымен кездесіп тұрған. Оған Ислам туралы ойларын жеткізіп отырған. Единбург университетіне ректор болып сайланады. Карлайлдың «Негір мәселесі», «Франция революциясы», «XIV-XV-ғасырдағы неміс әдебиеті», «Гете және оның өлімі», «Қазіргі жұмысшылар», «Батырлар және оларға табыну, тарихтағы батырлық», «Алты концеренция» атты еңбектері бар.

Мына үзінді оның «Арабтар, Мұхаммед алейһиссалам және оның ғасыры» атты еңбегінен алынды: **«Мұхаммед алейһиссалам келместен бұрын арабтар тұрған жерге үлкен от келіп түсетін болғанда, олар жоқ болып өртеніп кетер еді. Олардан ешқандай белгі де қалмас еді. Алайда, Мұхммед алейһиссалам келгеннен кейін бұл шөл дала оттың ошағына айналғандай болды. Делиден Гранадаға дейінгі жерлер алаулаған отқа ұқсады. Ол кісі ұлы найзағай секілді болды, оның айналасындағы барлық адамдар одан ұшқын алған еді».**

Конференциясынан: «Құран Кәрімді оқыған сайын оның жәй бір әдеби шығарма емес екендігін сол сәтте-ақ сезінесіз. Құран Кәрім – жүректен шыққан және барлық жүректерден тез орын алатын шығарма. Құран Кәрімнің ең басты ерекшелігі – оның тура және толық жол көрсетуші екендігінде. Меніңше Құран Кәрімнің артықшылығы осында».

Саяхат естелігі: «Германияда досым Гетеге Ислам туралы жинаған мәліметтерім мен ол туралы ойларымды жеткізген едім. Гете мені мұқият тыңдады да: «Егер Ислам осы болса, онда біз бәріміз мұсылманбыз» деді».

«Ол мемлекеттің де, мешіттің де басшысы. Бір өзі Цезарь, бір өзі Папа десе болады. Бірақ бітімі бөлек. Папаның жасандылықтарынан аулақ Папа, арнайы қорғаушысы, тұрақты қарулы әскері, полиция күші, не тұрақты кірісі жоқ Цезарь. Егер тарихта қай жағынан алсаңыз да, Құдайлық негізге сай үкім берген бір жан болса ол сөзсіз Мұхаммед болып шығады. Өйткені, ол ең мықты бола тұра күштілікке елеусіз қарады. Өмірі қаншалықты қарапайым болса, халықтың арасында да сол әдетінен айныған жоқ. Мұхаммедтің дінінде барлық нәрсе басқаша.

Ол жайындағы тарихи мәліметтер көлеңкелі, қалтарыс-бұлтарысты емес, барынша айқын. Оның өз міндетін бастауындағы ішкі жағдаяттары да бізге жақсы аян, өйткені, оған ешқандай күмән келтірілмейтіндігі Құран арқылы қуатталған».

Реверед Босуорт Смит.

«Егер мақсаттың ұлылығы сайманның аздығы, нәтиженің таңғаларлығы, адам данышпандығы арқылы өлшенетін болса, жаңа кезеңде Мұхаммедпен кім теңесе алады? Мұхаммед – философ, шешен, елші, тапқыр. Адамның ұлылығын анықтайтын өлшемдер шеңберінде қарастырып көрейікші, одан өткен ұлы адам бар ма?»

Альфонс де Ламартин.

«Алдағы жүз жылдықта Англияны, жо-жоқ, бүкіл әлемді жайлайтын бір дін болса ол – Ислам болуы мүмкін. Кісі таңғаларлық шапшандығы үшін мен Мұхаммедтің дінін өте жоғары бағалаймын. Бұл дін тұрмыстың барлық жағдайларына бейімделе алатын, қай ғасырға да сай дін ретінде көзге түсуде. Ол ғажап кісіні мен

зерттедім. Оны адамзаттың құтқарушысы деп білген жөн. Дәл сондай бір адам қазір әлемді басқарса, бейбітшілік пен татулықты орнықтыра отырып, барлық мәселелерді шешер еді. Мен былай топшылаймын: Мұхаммедтің сенімін ертеңгі Еуропа қабылдайды, оны тіпті бүгінгі Еуропаның өзі қабылдай бастағаны белгілі».

Бернард Шоу.

«Әлемге үлкен өзгеріс әкелген адамдардың ең алдыңғысы ретінде Мұхаммедті қоюыма кейбір оқырмандарым таңғалуы мүмкін. Алайда, тарихта рухани әрі материалды салада бірдей жетістікке жеткен адам жалғыз ғана Мұхаммед екені даусыз. Мұхаммедтің Исламға деген ықпалы Иса Мәсіх пен Қасиетті Павелдың Христиан дініне жасаған ықпалынан әлдеқайда басым. Мемлекет жүйесі мен дін жүйесін қатар түйістіре білуінен-ақ, оның тарихтағы ең ықпалды тұлға екенін көреміз».

Майкл Харт.

«Ол ұмми болса да ғалам кітабын өте жақсы оқығандықтан өзімен тайталасқан

небір оқымысты, ақылдыларға дес бермеген. Сондай-ақ, ізінен ергендер арасындағы деңгейі ең төмендермен де оңай тіл табыса білген. Теңдессіз шешендік пен арды, сезімталдықты бір жерге түйістіре алуы оның ықпалын арттыра түсті. Оның риясыз, шын пейілмен іс жасайтындығы жүзінен-ақ белгі беріп тұрған. Бұл – адамға деген үлкен ізет-құрметін білдіретін. Ол оқымыстыны да, хат танымайтын адамды да баурап алатын, оларға бағыт-бағдар сілтейтін тамаша қасиетке ие болған»

Чарлз Стюарт Миллс.

«Мұхаммед – өмір шындығын бүкпесіз ұғына біліп, оны ғұмырының арқауы еткен тарихтағы санаулы бақытты адамдардың бірі. Ол – Алла Тағаланың елшісі. Өмірінің соңына дейін өзінің кім екенін ұмытпай, жаратылыс мақсатын ұқтыратын қызметін қалтқысыз атқара білді. Хақтан алған хабарларын өте үлкен жауапкершілікті сезіне отырып, сондай бір байсалдылықпен әрі асқан кішіпейілділікпен «өте дәмді» етіп халыққа жеткізе білді».

Станлэй Лан-Пул.

САЛАУАТТЫҢ САНСЫЗ САУАПТАРЫ

«Салауат» (жекеше түрде – «салат») сөзі – истиғфар, кешірім сұрау, дұға, береке, намаз секілді мағыналарды қамтиды. Құранда: **«Алла мен оның періштелері міндетті түрде пайғамбарға салауат айтады. Уа, мүміндер! Сендер де оған салауат айтып, шын көңілмен сәлем жолдаңдар!»** («Ахзап» сүресі, 56-аят), – делінген.

Алла Тағаланың «салауат» айтуы – «рақымет», «мейірімділік», періштелердің салауат айтуы – Алла Тағаланың кешірімін сұрау, мүміндер тарапынан болса «жақсы дұға тілеу» мағынасын береді. Сондай-ақ, бұл аят Алла Елшісіне (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтудың қаншалықты маңызды екенін айшықтап береді. Әрі салауаттың пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) үнемі айтылатынын да ескертіп тұр. Күнделікті бес уақыт намаздың ішінде салауаттың да көп қайталануы оның маңыздылығының бір дәлелі.

Құрметті мұсылман бауырлар!
Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған

игілігі мен сәлемі болсын) мүбәрак есімдері аталған сәтте естіген адам дереу **“Саллаллаһу аләйһи уә сәлләм”** деп айту, (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) сауапты амал болып саналады.. Ал енді, салауат туралы хадистерге назар аударылық.

«Атым аталған кезде маған салауат айтпаған кісінің мұрны жерге сүрінсін», (Тирмизи, Дәуіт 110),

«Жасалған дұғалар, жеріне жетпестен бұрын жер мен көктің ортасында тұрады. Ол пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) салауат айтқан кезде ғана жетеді» (Тирмизи 486).

«Қиямет күні маған адамдардың ең жақыны – маған көп салауат айтқандары» (Тирмизи, намаз 327).

«Есімім аталған кезде маған салауат айтпаған адам – нағыз сараң»,– (Тирмизи, Әбу Дәуіт 110).

«Кімде-кім маған бір рет салауат айтса, Алла Тағала оған он салауат айтады. Әрі он күнәсі кешіріліп, дәрежесі он есе көтеріледі» (Тирмизи).

Әнәс ибн Мәликтен (р.а.) жеткізілген мына бір хадисте: **«Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) мінбердің бірінші баспалдағына шығарда «әмин» деді. Екінші баспалдаққа шығарда тағы «әмин» деді. Үшінші баспалдаққа шығар кезде де «әмин» деді де, мінбердің ең жоғары жағына шығып отырды. Сол кезде Муаз ибн Жәбәл (р.а.) «Уа Расулулла! Мінберге шығарда неге үш рет «әмин» дедіңіз?»**, – деп сұрады. Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): **«Мінберге шығарда Жәбірейіл періште жаныма келді де: «Уа, Мұхаммед! Кімде-кім Рамазан айына жетіп, сол айдың құрметі үшін кешірімге ие бола алмай өмірден өтіп тозаққа кетсе, Алла оны мейірімінен алыстатсын»**, – деді. Сол кезде мен де «әмин» дедім. **«Кімде-кім ата-анасының қартайған шағында олармен жақсы мәміледе болмай, қайтқанда тозаққа кетсе, Алла оны мейірімінен алыстатсын»**, – деді. Мен де «әмин» дедім. **«Кімде-кім сенің есімің аталған кезде салауат айтпай, қайтыс болып тозаққа кетсе, Алла рақыметі мен мейірімінен алыс болсын»**, – деді. Мен тағы да «әмин» дедім», –

деп жауап берген (Дәйлами, Мүснәдул-фирдаус, 1640; Ибн Хиббан, Әс-Сахих, 904, Али әл-Муттақи, Кәнзул-Уммал 24295).

«Маған ат үстіндегі жолаушының су торсығына қарағандай қарамандар. Дұғаларыңның басында, ортасында және соңында менің атыма салауат жолдандар!» (Тирмизи).

«Кімде-кім таңғы және кешкі уақыттарда маған арнап он рет салауат айтып, сәлем жолдаса, қиямет күні менің шапағатыма бөленеді» (Әбу Дәрда (р.а.) жеткізген)

ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

*«(Уа, Мұхаммед!) Біз сені әлемдерге
рахым ретінде ғана жібердік»*

Мұхаммед пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) күллі жаратылыс пен бүкіл адамзаттың ең асылы, ең қайырлысы, ең ардақтысы. Ол – Хақ Тағаланың барша ғаламға жіберген рахымы мен мейірімі.

Алла Тағала пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) арқылы күллі адамзатқа қараңғылықтан жарыққа шығатын жолды нұсқады. Адасушыларды тура жолға салып, иман нәрімен сусындатты. Пенделерін ізгілікке бөлеп, мына жалғанның алдамшы екенін ұқтырып, ақыретке деген сенімін күшейтті.

Құран Кәрім арқылы ақиқатты жеткізіп, күпір мен иманның ара-жігін ажыратып берді. Пайғамбарымызды (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл адамзат, ізгі жандар ғасырлар бойы зарыға күткен-ді.

Нұрлы шежіресі

Мұхаммед ибн Абдуллаһ ибн Әбдімүтәліп ибн Һәшим ибн Әбдіманап ибн Құсай ибн Киләб ибн Мурра ибн Кағб ибн Лүә ибн Ғалыб ибн Фихр ибн Мәлік ибн Надыр ибн Кинәнә ибн Хузайма ибн Мұдрака ибн Ілияс ибн Мұдар ибн Назар ибн Мағад ибн Аднан. Осылайша жалғасып түпкі атасы Ибраһим (ғ.с.) пайғамбарға барып тіреледі.

Анасы

Пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) анасы Әмина бинт Уаһб ибн Әбдіманап ибн Заһра. Меккенің ең текті әулеттерінің бірінен.

Туған жылы

Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Мекке шаһарының Бәни Һәшим әулетіне тиесілі бөлігінде піл оқиғасы жылы, раби-әууәл айының он екіншісі күні яғни миләди 571 жылдың 20-сәуірінде дүйсенбі күні дүниеге келді. Әкесі Абдуллаһ Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) дүниеге келместен бұрын қайтыс болды.

Атасы Әбдімүтәліп немересіне атын көкте де, жерде де мақтаулы болсын деп Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) деп қойды. Арабтарда бұрын-соңды мұндай есім болмаған еді.

Сүт аналары

Пайғамбарымызды (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өз анасы Әминадан кейін Әбу Ләһәбтың күңі Сәубия емізді. Әбу Ләһәб пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) туылуының құрметіне орай Сәубияны күндіктен босатқан еді. Одан кейінгі сүт анасы - Халима ас-Сағдия. Алла Елшісін (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бауырына басқан Халиманың үйіне құт-береке орнап, мамыражай өмір сүрді.

Шарапатты кеудесінің тазартылуы

Пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өмірінде оның шарапатты кеудесі төрт рет тазартылды. Бірінші рет төрт жасқа толғанда Жәбірәйіл (ғ.с.) және Микайл (ғ.с.) періштелер келіп, жүрегін қар суымен тазартады. Оның ішінен бір затты сылып тастайды. Сонда

Жәбірәйіл (ғ.с.): «Бұл сендегі шайтанның үлесі» деген. Екінші балиғатқа жеткен шағында.

Үшінші уаһи түсерден бұрын. Төртінші рет жеті қабат аспанға көтерілген Миғраж оқиғасында тазартылады.

Анасының қайтыс болуы

Межелі мерзім аяқталған соң кішкентай Мұхаммедті (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) анасы Әмина сүт анасынан алып, күйеуінің қабірін зиярат етуге және Мәдина шаһарында тұратын төркіні Бәни Нәжжар әулетін көріп қайту үшін сапарға шығады. Қайтарда ол кенеттен қатты науқастанып, көп ұзамай жолда көз жұмады. Әкесінен де, анасынан да айырылған алты жасар адамзаттың асылы әкесінің күні Умму Айманмен Меккеге оралады.

Қамқор ата құшағында

Жетім қалған пайғамбарымызды (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) атасы Әбдімүтәліп бауырына басады. Немересін ерекше жақсы көрген ол өте мейірбан, әрі ақылшысына айналады. Алайда, мұндай

бақытты шақтар ұзаққа созылмайды. Сүйікті немересінің болашағының жарқын болуын тілеумен болған қайырымды қария да арада екі жыл өткен соң дүниеден озады.

Көкесі Әбутәліптің тәрбиесінде

Пайғамбарды (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) сегіз жасында көкесі Әбутәліп өз тәрбиесіне алады. Ол әкесі Абдуллаһтың бірге туған бауыры болатын. Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) осы үйде Әбутәліптің басқа балаларымен бірге өсіп, ер жетеді. Бауырының артында қалған жалғызын Әбутәліп те қатты жақсы көретін. Есейіп, ержеткен соң оны өзі үйлендірді.

Кәсібі

Пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бала кезінде ең алғаш шұғылданған жұмысы қой бағу болатын. Жалпы, көптеген пайғамбарлардың алғашқы кәсібі мал бағу болған. Бұл кәсіпті сегіз жастан бастады. Ал, он екі жасынан көкесі Әбутәліппен бірге саудаға ден қоя бастады.

Бұлт оқиғасы

Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) көкесіне ілесіп, Шам еліне сапар шегеді. Олар Дамашыққа жақын жердегі Бусра деген ауылдың маңына келіп аялдайды. Мұнда аса тақуа Бахира деген христиан монахы жас балаға көзі түсіп, оның болашақ пайғамбар екенін бірден біледі. Бар ғұмырын өз ғибадатханасында құлшылықпен өткізіп келе жатқан монах керуенді көлегейлеп келе жатқан бұлтты байқап, жолаушыларды үйіне қонаққа шақырады. Қонақтар үйге кіргенімен, бұлт керуеннің үстінен қозғалмайды. Өйткені, болашақ пайғамбар да түйелердің жанында қалған болатын. Бахира Әбутәліптен сол баланың да дастарханнан дәм татуын өтінеді. Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) келген соң Бахира: «Бұл баланың әкесі кім еді?» - деп сұрайды. Әбутәліп: «Оның әкесі - менмін», - дейді. Сонда монах: «Оның әкесі тірі болмауы тиіс еді ғой», - деп бой бермейді. Әбутәліптің мойындамасқа амалы қалмайды. Мұны естіген Бахира: «Елдеріңе қайтыңдар. Мына баланы біреу-міреу байқап қалса, қастық етіп жүрер», - деп ескертеді. Осылайша, керуен келген ізімен Меккеге оралады.

Фижар соғысы

Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) жиырмаға толғанда Құрайыш пен Кинана бірлесіп Қайыс пен Илан тайпасына қарсы соғыс ашады. Бұл шайқасқа көкелерімен бірге жас Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) те қатысады. Ол ағайындарына садақ жебелерін дайындап беріп тұрады. Арада біршама уақыт өткенде тараптар ортақ келісімге келіп, соғыс аяқталады. Бұл шайқас Фижар (бұзушы) деген атпен тарихта қалған. Өйткені, араб тайпалары бұл айда бір-бірімен жауласпайтын.

Фудул келісімі

Фижар шайқасынан кейін құрайыш тайпасының көсемдері Абдуллаһ ибн Жудған эт-Тимидің үйіне жиналады. Олар бұдан кейін соғыста және басқа да қиыншылыққа тап болғандарға көмек беруге бірауыздан келіседі. Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бұған куә болады. Өзіне пайғамбарлық келгеннен кейін: «Ислам дәуірінде сондай келісімге шақырылсам, сөзсіз мойынсұнатын едім», - деген.

Бибі Хадишаға үйленуі

Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) шыншылдық қасиеті Оны (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бүкіл елге танымал етіп, абыройын асқақтатты. Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) болашақ жары Хадиша бинт Хуайлидтің сауда керуеніне басшылық жасап жүрді. Бірде Хадиша Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қасына көмекші ретінде қызметшісі Мәйсараны қосып жібереді. Мәйсара Меккеге қайтып оралған Хадишаға Мұхаммедтің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) адамдармен қарым-қатынастағы шыншылдығы мен адалдығын жыр етіп айтады. Басқалармен тіл табысуы сауданы берекелі етіп, мол пайдаға қарық болғанын тамсана отырып әңгімелейді. Осыдан Хадишаның Мұхаммедке (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) деген ынтызарлығы арта түсіп, Нафиса бинт Мунаббих атты әйел арқылы сөз салғызады. Болашақ пайғамбар бұл жайында көкелерімен ақылдасып, Хадишаны айттыруға көкесі Әбутәліпті жібереді.

Бибі Хадишаның мәһрі

Пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) тұрмысқа шығарда Хадиша анамыздың белгіленген мәһрі 468 грамдай алтын болды. Бибі Хадиша құрайыш тайпасы әйелдерінің ішіндегі ең тектісі, әрі көріктісі және мал-мүлік жағынан да артығы болатын. Мекке жұрты оны қадірлеп «Таһира» - «пәк таза» деп атады. Бай-манаптардың көбісі оған үйленуді армандады. Бірақ ақылды әйелдің таңдауы пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) түсті. Бұл кезде болашақ пайғамбардың жасы жиырма бесте, ал Хадиша (р.а.) анамыздың жасы қырықта еді.

Асыл перзенттері

Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) үш ер бала, төрт қыз бала, барлығы жеті перзенті болған. Хазреті Фатимадан басқасының барлығы Расулуллаһтан бұрын қайтыс болған. Сүйікті пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) тегі хазреті Фатима анамызбен жалғасқан. Немерелері хазреті Хусейннің ұрпағы «саййид», хазреті Хасанның ұрпағы «шәриф» деп аталады.

Сайидтер мен шәрифтерге көрсетілген құрмет – пайғамбарымызға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) құрмет болып саналады.

Қасым (радиаллаһу аһ): Расулуллаһтың үш ұлының тұңғышы. Сондықтан Расулуллаһ Әбул Қасым деп аталды. Пайғамбарлығынан бұрын Меккеде дүниеге келген. Анасы – Хадиша (радиаллаһу аһа). Он жеті айлық кезінде шетінеген (қайтыс болған).

Зейнеп (радиаллаһу аһа): Расулуллаһтың қыздарының тұңғышы. Пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) отыз жасында болғанда дүниеге келді. Пайғамбарлықтан бұрын анасы Хадишаның немере інісі Әбу Ас бин Рәбимен тұрмыс құрды. Әбул Ас әуелгіде иман келтірмеді. Бәдір соғысында тұтқынға түсіп, әйелін Мәдинаға жіберу шартымен босатылды. Өз бауырымен бірге жіберсе де кәпірлер Зейнепті (радиаллаһу аһа) жолда кері қайтарды. Расулуллаһ алейһиссалам Зәйд бин Харисаны (радиаллаһу аһ) Меккеге жіберіп, Зейнепті (радиаллаһу аһа) түнде Мәдинаға қашырып жіберді. Әбул Ас Худәйбийя соғысынан кейін иман келтірді. Зейнеп (радиаллаһу аһа) оған қайтадан берілді.

Хижреттің сегізінші жылы отыз бір жасында қайтыс болды. Баласы Әли Мекке алынған кезде Расулуллаһтың түйесіне мінгесіп отырған еді. Зейнептің (радиаллаһу анһа) қызы Уммамәні хазіреті Әли өзіне некеледі.

Руқаййә (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың екінші қызы. Пайғамбарымыздың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) отыз үш жасында дүниеге келді. Өте реңді болатын. Әбу Ләхәбтің баласы Утбәмен атастырылды. «Тәббәт йәдә» сүресі келген соң Утбә тойдан бұрын ажырасты. Уаһи келіп, хазреті Османмен некесі қиылды. Екеуі бірге екі рет Хабашстанға хижрет етті. Жиырма екі жасында Бәдір соғысынан бұрын ауырып қалды. Хазреті Османға Бәдірге бармай, әйеліне қызмет ету бұйырылды. Бәдір соғысының сүйінші хабары Мәдинаға жеткен күні жерленді.

Умму Гүлсім (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың үшінші қызы. Әбу Ләхәбтың екінші баласы Утәйбәмен атастырылғанымен «Тәббат» сүресі келгеннен кейін тойлары болмастан бұрын ажырасты. Утәйбә Расулуллаһқа жаман сөздер айтты. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) «**Йа Раббым!**

Оған жыртқыштарыңның бірін жібер» деп бетдүға айтты. Шамға бара жатқан жолында Утәйбәні арыстан жарып өлтiрдi. Рукаййә (радиаллаһу анһа) қайтыс болғаннан кейiн уаһи келiп, Умму Гүлсiм (радиаллаһу анһа) хазретi Османмен некелендi. Хижреттiң тоғызыншы жылы қайтыс болды. Жаназа намазын Расулуллаһ оқып, жерлеген кезде қабiрiнiң қасында тұрып мүбәрәк көзiнен жас ақты.

Фатима (радиаллаһу анһа): Расулуллаһтың төртiншi қызы, хазретi Әлидiң жұбайы және хазретi Омардың қайынанасы. Некесi қиылғанда он бес жаста болатын. Мәһiрi төрт жүз мысқал күмiс болғандығы туралы **«Мәуахиб-и ләдунниә»** атты кiтапта Сәуиқ соғысында жазылған. Бұл 57.14 мысқал алтын мөлшерiнде дегендi бiлдiредi. Әли (радиаллаһу анһ) жиырма бiр жаста болатын. Олар Әһли бәйт атанды. Аққұба, өте көрiктi едi. Хасан, Хусейн және Мухсин деген үш ұл баласы, Умму Гүлсiм және Зейнеп деген екi қызы болған. Расулуллаһтың тегi Фатимадан (радиаллаһу анһа) тарады. Зейнеп Абдуллаһ бин Жафәр Таййармен некелесiп, олардың Әли және Умму Гүлсiм деген балалары болды. Олар **шәриф-и Жафәри** деп аталады.

Абдуллаһ (радиаллаһу аһ): Расулуллаһтың Хадиша анамыздан туылған соңғы ұлы. Расулуллаһқа пайғамбарлық келгеннен кейін туылып, әлі анасының омырауын еміп жүргенде шетінеген. Таййиб және Тахир деп те аталған. Абдуллаһ қайтыс болғанда Ас бин Уаил «Мұхаммед әбтәр болды», яғни тегі кесілді деді. Аллаһу та'ала Асқа «**Иннә атайнә**» сүресі арқылы жауап берді.

Ибраһим (радиаллаһу аһ): Расулуллаһтың ұл балаларының үшіншісі және барлық балаларының ең соңғысы. Гераклиус Мысыр билеушісі болған Муқауқыс сыйға жіберген хазреті Марийәдан туған бала. Хижреттің сегізінші жылы дүниеге келіп, бір жарым жасында шетінеді. Ол ауырып жатқанда Расулуллаһ оны құшағына алып, мүбәрәк көздерінен жас ағатын. Қайтыс болғанында күн тұтылды деді. Расулуллаһ (саллаллаһу алейһи уә сәлләм) мұны естігенде «Ай мен күн Аллаһу та'аланың бар және бір екенін көрсететін екі махлұғы. Біреудің өлуіне, тірі қалуына байланысты тұтылмайды. Оларды көргенде Аллаһу та'аланы ойлаңдар» деген. Ибраһим қайтыс болғанда «Йа Ибраһим! Өліміңе қатты

кайғырдык. Көзіміз жылап, жүрегіміз сыздайды. Бірақ, Раббымызды ашуландыратын ешнәрсе айта алмаймыз» деді.

Тапқырлық

Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) отыз беске келгенде Қағбаның қабырғаларын сел шайып кетіп, араб тайпалары оны қайта тұрғызуға кіріседі. Алайда, олар қасиетті қара тасты орнына қою мәселесінде бір мәмілеге келе алмайды. Өйткені, мұндай үлкен мәртебеден барлығы да үмітті еді. Соңында олар «Бұл таласқа өз төрелігін Қағбаға бірінші келген кісі айтсын» деген тоқтамға келеді. Сол кезде Алланың қалауымен қасиетті құлшылық орнына болашақ пайғамбар Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) кіріп келеді. Оны көрген көпшілік қатты қуанады. Өйткені, Ол (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өмірінде өтірік айтпаған ең сенімді әрі әділ болатын. Мән-жайға қаныққан болашақ пайғамбар бір матаны жайып, оның үстіне қасиетті қара тасты қояды. Әр тайпаның бір-бір өкілі матаның шеттерінен ұстап, тасты орнына жайғастырады. Тайпа көсемдері бұл тапқырлыққа дән риза болысып, тарасады.

Хира үңгірінде

Өзіне пайғамбарлық келместен бұрын Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Мекке сыртындағы таудың Хира атты үңгірінде Ибраһим (ғ.с.) пайғамбардың ғибадатымен жұрттан жырақ, оңаша Алла Тағалаға құлшылық жасайтын. Қырыққа толған шағында сол әдетімен үңгірде ғибадат етіп жатқанда оған (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Жәбірәйіл (ғ.с.) келіп: «Оқы!» - деп бұйырады. Ол (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Мен оқи алмаймын», - дейді. Сонда Жәбірәйіл (ғ.с.) оны қатты қысып, босатып жібереді де: «Оқы!» - дейді. Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Мен оқи алмаймын», - дейді. Жәбірәйіл (ғ.с.) оны тағы да қысып: «Оқы!» - деп әмір етеді. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Мен оқи алмаймын», - деп қайталайды. Сонда Жәбірәйіл (ғ.с.): «Жаратқан Раббыңның атымен оқы! Адамды ұйыған қаннан жаратқан. Оқы! Раббың сенің ардақты! Ол қаламмен үйреткен» («Алақ» сүресі, 1-4-аяттар), - деп Құраннан алғашқы аяттарды уаһи етеді. Содан кейін Жәбірәйіл (ғ.с.): «Уа, Мұхаммед (Алланың

оған игілігі мен сәлемі болсын)! Расында, сен Алланың Елшісің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын)!» - деді де көзден ғайып болды. Бұл оқиғадан қатты қорыққан пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) үйіне келіп жұбайы Хадишаға (р.а.) болған жәйтты толық айтып береді.

Уарақа ибн Нуфил

Уарақа ибн Нуфил ибн Әсәд ибн Абдулузза Хадишаның (р.а.) әкесімен туысқан ағасы еді. Хадиша (р.а.) пайғамбарды (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) оған ертіп барып, болған оқиғаның сырын сұрайды. Уарақа өз заманының оқымыстысы әрі тақуа болатын. «Мұхаммедтің көргені Мұса (с.ғ.) пайғамбарға түскен Намус (Жәбірәйіл (ғ.с.) періште»), - деп, оған пайғамбарлық келгенін хабарлайды. Ол: «Кәрі қойдың жасындай жасым қалды. Ондай бақытты күндерді, сірә көре, алмаспын», - деп қатты өкінеді.

Уаһи түрлері

1. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) ұйықтап жатқанда көретін

шынайы түсі.

2. Періштенің пайғамбардың көзіне көрінбей оның жүрегіне салатын уаһиы.

3. Періштенің адам кейпінде келіп хабарлауы.

4. Қоңырау соғылғандай қатты дауыспен келуі. Бұл пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) үшін ең ауыр уаһи түрі болған.

5. Періштені Алла Тағала жаратқан шынайы алып бейнесінде көруі.

6. Алла Тағаланың Миғраж түні періштесіз тікелей түсірген уаһиы.

7. Алла Тағаланың Өз сөзін пайғамбарға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) періштесіз түсіруі.

Жасырын шақыру

Бұл оқиғадан кейін Алланың әмірімен пайғамбарымыз (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзіне жақын адамдарды жасырын түрде Ислам дініне шақыра бастады. Дінге ер кісілерден ең бірінші досы Әбу Бәкір (р.а.), әйелдерден жұбайы Хадиша (р.а.), балалардан Әли ибн Әбутәліп (р.а.), құлдардан қызметшісі Зәйд (р.а.), күндерден Умму Айман

(р.а.) кірді. Ал, Әбу Бәкірдің (р.а.) себепші болуымен бес адам исламды қабылдайды. Олар: Осман ибн Аффан (р.а.), Зубәйр ибн Аууам (р.а.), Әбдірахман ибн Ауф (р.а.), Сағыд ибн Әбу Уаққас (р.а.) және Талха ибн Убайдуллаһ (р.а.). Осыдан соң пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) жария үгіт кезеңі келгенше үш жыл бойы өзінің жақындарын Ислам дініне шақырумен болды.

Жария шақыру

Алладан жария үгіт туралы әмір жеткенде пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қауымын жинап алып: «Егер мен мына таудың арғы жағынан сансыз қолы бар дұшпан келіп шабуыл жасағалы тұр десем сендер маған сенер ме едіңдер?» - деп сұрайды. Сонда олар: «Әрине, сенеміз. Өйткені, сен ешқашан да өтірік сөйлемегенсің», - десті. Сонда пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) өзінің Алланың елшісі екендігін айтып: «Лә иләһә иллаллаһ («Алладан басқа Құдай жоқ») десендер құтыласыңдар!» - деді. Бұған меккеліктердің ешқайсысы жауап қатпады. Олардың арасында тек Әбу Ләһаб қана пайғамбарға (Алланың

оған игілігі мен сәлемі болсын) тіл тигізіп, балағаттады. Осы оқиғадан кейін адамдар біртіндеп жаңа дінге кіре бастады. Ал, Меккени билеп тұрған құрайыш тайпасының басшылары пайғамбарға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) иман келтіргендерге қорлық көрсетіп, қудалауға кірісті.

Эфиопияға қоныс аудару

Аллаға серік қосушы меккеліктердің қуғындауы қатты күшейген кезде пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) бір топ мұсылмандарға діндерін сақтап қалу үшін Эфиопияға көшуді бұйырады. Онда Нәжжаши атты әділ патша бар екендігін айтты. Қоныс аударушылардың саны он бір ер, бес әйел болатын. Бұл исламның бесінші жылы еді. Алайда, олар сол жылдың өзінде Меккеге қайта оралды. Олар: «Меккеде жағдай түзеліп, адамдардың көпшілігі иман келтірді» деп ойлаған болатын.

Эфиопияға екінші рет көшу

Меккеге келген олар мұндағы жағдайдың жақсармағанына көздері жетіп, Эфиопияны

кайта бетке алады. Бұл жолы олардың саны көбейіп, сексен екі ер, он сегіз әйел болды. Бұл алғаш уаһи түскеннен кейінгі алтыншы жыл еді. Мұсылмандар екінші мәрте қоныс аударғаннан кейін оларды кері қайтару үшін құрайыштар Эфиопия патшасы Нәжжашиге Амр ибн Ас бастаған бір топты жіберді. Алайда әділ патша Амр ибн Аспен бірге мұсылмандардың өкілі Жағфар ибн Әбутәліптің де сөзін тыңдаған соң мұсылмандарды Меккеге қайтарудан бас тартады.

Құрсауда

Мұсылмандарды азаптаумен діндерінен қайтара алмасын білген құрайыштың қаныпезер рубасылары жиналып, барлық иман келтіргендер мен һәшим, Мутталиб әулеттерімен қарым-қатынасты үзетіндіктерін мәлімдейді. Басқалардың олармен саудасаттық жасауларына қатаң тыйым салады. Мұсылмандар үшін өте ауыр болған бұл кезең үш жылға созылады. Азық-түлік таусылып, әбден ашыққан мұсылмандар ағаштардың жапырақтарын, өсімдік тамырларын қорек етеді. Кейбір жомарт жандар оларға көмектесуге барын салды. Олар құрайыш рубасылары мен

мұсылмандар арасындағы жасалған келісім-шартты жоймақшы болады. Қағбаның ішінде сақтаулы тұрған құжатты көріп барлығы таң тамаша қалысады. Өйткені келісімдегі «Алланың атымен» деген сөзден басқа жазудың барлығын құрт жеп тастаған болатын. Осындай қиынқыстау кезеңде мынадай кісілер мұсылмандарға қолынан келгенше көмек қолын созды :

1. Ыишәм ибн Амр
2. Зухәйр ибн Әбу Умәйя
3. Әл-Мутғим ибн Адий
4. Әбул-Бухтури ибн Ыишәм
5. Зумға ибн әл-Әсуәд.

Қаралы жыл

Алғаш уаһи түскеннен кейінгі оныншы жылы пайғамбарды (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) үнемі қолдап, жанынан табылған көкесі Әбутәліп дүние салады. Артынша бірнеше күннен кейін рухани тірегіне айналған, сүйікті жұбайы Хадиша (р.а.) қайтыс болады. Екі бірдей жақынынан айырылған Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қатты қайғырады. Бұл ислам тарихына қаралы жыл деген атпен енді.

Таиф қаласына сапар

Көкесінің қазасынан кейін құрайыштардың пайғамбарға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) деген қарсылығы күшейе түскені соншалық, әбден шарасы таусылған Алла Елшісі (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) сырттан жәрдем іздеп Таиф шаһарына барады. Алайда, қала халқы Нәбидің (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) дағуатына құлақ салмайды. Керісінше, таслақтырып, қуады. Алла Тағала Оған (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) тау періштесін жіберіп, егер қаласа қаланың үстіне тауды төңкере салатындығын айтады. Сонда рахым пайғамбары (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын): «Жоқ, мен олардың ұрпақтарынан еш серік қоспай, жалғыз Аллаға табынатын мұсылмандар шығады деп үміттенемін», - деп жауап қайырады.

Исра және миғраж мұғжизасы

«Исра» сөзі «түнгі сапар», «миғраж» «жоғары көтерілу» деген мағынаны білдіреді. Мәдина қаласына қоныс аударудан бір жарым жылдай бұрын бір түні пайғамбарға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Жәбірәйіл (ғ.с.)

періште келеді. Оның қасында тек пайғамбарлар ғана мінетін Бурақ (қазақтың «пырақ» сөзі осыдан шыққан) атты жүйрік жануар бар екен. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Жәбірәйілдің (ғ.с.) айтуымен осы жануарға мініп, Бәйтул-Мақлиске (Иерусалим шаһарына) бір сәтте-ақ жетіп барады. Әл-Ақса мешітінде оны басқа пайғамбарлар күтіп отыр екен. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) оларға имамдық етіп, бірге намаз оқиды. Бұл Оның (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) басқа пайғамбарлардан артықшылығына дәлел. Сосын Жәбірәйіл (ғ.с.) періштемен бірге көкке көтеріледі. Аспанның бірінші қабатында Адам (ғ.с.) пайғамбармен кездеседі. Екінші қабатта Иса (ғ.с.) және Жақия (ғ.с.) пайғамбарлармен жолығады. Үшінші қабатта Жүсіп (ғ.с.) пайғамбарды көреді. Төртінші қабатта Ыдырыс (ғ.с.) пайғамбарды көрсе, бесіншісінде Һарун (ғ.с.) пайғамбарға жолығады. Одан кейін Мұса (ғ.с.) пайғамбарды кездесіп, тілдеседі. Жетінші қабатқа көтерілгенде Меккедегі Бәйтулла-Қағбаның дәл үстінде орналасқан Бәйтул-Мағмурды, оған қажылық жасап жатқан сан мыңдаған періштелерді

көреді. Сосын әлемдердің шегі - Сидратул-Мунтаһаға барады. Осы жерде Жәбірәйіл (ғ.с.) тоқтап, пайғамбарға (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) «Енді алға жүрсең өтесің, ал мен жүрсем күйіп кетемін», - деп осы жерде қалатындығын айтады.

Құрметті оқырман! Исра және Миғраж оқиғаларын бір-ақ түнде басынан кешіреді. Пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) Алла Тағаламен уаһи арқылы тілдеседі. Алла Тағала осында бес уақыт намазды парыз етеді.

МҰСЫЛМАН ҮШІН МАҢЫЗДЫ СҰРАҚ-ЖАУАП

Сұрақ: Сіз мұсылмансыз ба?

Жауап: Әл-хамдулилләһ, мұсылманмын.

Сұрақ: Немен дәлелдейсіз?

Жауап: «Әшһаду әллә илаһа иллаләһ.

Уә әшһаду әннә Мухаммадән ʼабдуһу уә расулуһ».

Сұрақ: Қашаннан бері мұсылмансыз?

Жауап: Әлимсақтан бері мұсылманбыз.

Сұрақ: Қалайша мұсылмансыз?

Жауап: Иман келтірумен мұсылманмын.

Сұрақ: Кімнің құлысыз?

Жауап: Алла Тағаланың құлымын.

Сұрақ: Кімнің үмметісіз?

Жауап: Мұхаммед Пайғамбардың үмметімін.

Сұрақ: Кімнің досысыз?

Жауап: Төрт шадиярдың (Абубәкір, Осман, Омар, Әли) досымын.

Сұрақ: Кімнің ұрпағынансыз?

Жауап: Адам Атаның ұрпағынанмын.

Сұрақ: Кімнің милләтіненсіз?

Жауап: Ибраһим калилләһнің

милләтінәнмін.

Сұрақ: Кімнің мәзһабынансыз?

Жауап: Имам Ағзамның мәзһабынанмын.

Сұрақ: Сізді кім жаратты?

Жауап: Барша әлемді жаратушы Алла жаратты.

Сұрақ: Пайғамбарымыз кім?

Жауап: Пайғамбарымыз Мұхаммед (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын)

Сұрақ: Дінің не?

Жауап: Дінім Ислам.

Сұрақ: Ислам діні қалай орындалады?

Жауап: Ислам діні негізінде 5 нәрсемен атқарылады:

1. Иман – Алланың бір екеніне, Мұхаммед пайғамбар (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) оның әрі елшісі және құлы екеніне сену.

2. Намаз – Күнделікті бес уақыт намазды өз уақытында орындау.

3. Ораза – Қасиетті Рамазан айында ораза тұту.

4. Зекет – Мал-дүниесінің кірін шығарып тұру.

5. Қажылық – Шамасы жеткен қажыға бару.

МӘУЛІТ ХҰТБАСЫ

أَعُوذُ بِاللَّهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ
بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ وَالصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيَّ رَسُولِنَا
مُحَمَّدٍ وَآلِهِ وَأَصْحَابِهِ أَجْمَعِينَ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيْكَ يَا رَسُولَ اللَّهِ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيْكَ يَا حَبِيبَ اللَّهِ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيْكَ يَا نَبِيَّ اللَّهِ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيْكَ يَا خَيْرَ خَلْقِ اللَّهِ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيْكَ يَا نُورَ عَرْشِ اللَّهِ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيْكَ يَا صَاحِبَ قَابِ قَوْسَيْنِ
الصَّلَاةُ وَالسَّلَامُ عَلَيَّ أَشْرَفِ الْمُرْسَلِينَ الْمُصْطَفَى صَلَّى
اللَّهُ عَلَيْهِ وَسَلَّمَ وَآلِهِ وَأَصْحَابِهِ وَاهْلِ بَيْتِهِ الْكِرَامِ
لِللَّهِ الْفَاتِحَةِ

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ
أَبْتَدَأُ الْأَمْلَاءَ بِاسْمِ الذَّاتِ الْعَلِيَّةِ
مُسْتَدْرَأً فَيُضَ الْبَرَكَاتِ عَلَيَّ مَا آتَاهُ وَ أَوْلَاهُ
وَ أَتْنِي بِحَمْدِ مَوَارِدُهُ سَانِعَةً هَنِيئَةً
مُمْتَطًا مِنَ الشُّكْرِ الْجَمِيلِ مَطَابِيَاهُ
وَ أَصَلِّي وَ أَسَلِّمُ عَلَيَّ النُّورِ الْمَوْصُوفِ بِالتَّقَدُّمِ وَ الْأَوْلِيَّةِ
الْمُنْتَقِلِ فِي الْغُرْرِ الْكَرِيمَةِ وَ الْجِبَاهِ

وَ اسْتَمْنَحُ اللَّهَ تَعَالَى رِضْوَانًا يَخُصُّ الْعِتْرَةَ الطَّاهِرَةَ النَّبَوِيَّةَ
 وَ يَعْمُ الصَّحَابَةَ وَ الْاِتِّبَاعَ وَ مَنْ وَالَاهُ
 وَ اسْتَجِدِّيهِ هِدَايَةَ لِسُلُوكِ السُّبُلِ الْوَاضِحَةِ الْجَلِيَّةِ
 وَ حِفْظًا مِنْ الْغَوَايَةِ فِي خَطِّ الْخَطَا وَ خُطَاهُ
 وَ اَنْشُرْ مِنْ قِصَّةِ الْمَوْلِدِ النَّبَوِيِّ بَرُودًا حِسَانًا عَبْقَرِيَّةً
 نَاطِمًا مِنْ النَّسَبِ الشَّرِيفِ عَقْدًا تَحْلِي السَّمْعِ بِحِلَاةٍ
 وَ اسْتَعِينُ بِحَوْلِ اللَّهِ وَ قُوَّتِهِ الْقَوِيَّةِ
 فَإِنَّهُ لَا حَوْلَ وَ لَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ
 عَطِّرِ اللَّهُمَّ قَبْرَهُ الشَّرِيفَ بِعَرَفِ شَدِيدِي مِنْ صَلَاةٍ وَ تَسْلِيمٍ
 اللَّهُمَّ صَلِّ وَ سَلِّمْ وَ بَارِكْ عَلَيْهِ
 وَ بَعْدُ فَاَقُولُ

هُوَ سَيِّدُنَا مُحَمَّدٌ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَ سَلَّمَ ابْنُ عَبْدِ اللَّهِ ابْنِ عَبْدِ
 الْمُطَّلِبِ وَ اسْمُهُ شَيْبَةَ الْحَمْدِ
 ابْنِ هَاشِمٍ وَ اسْمُهُ عَمْرُو
 ابْنِ عَبْدِ مَنَافٍ وَ اسْمُهُ الْمُغِيرَةَ
 ابْنِ قُصَيٍّ وَ اسْمُهُ مُجَمَّعٌ
 سَمِّيَ بِقُصَيٍّ لِتَقَاصِيهِ فِي بِلَادِ قُضَاعَةَ الْقُصَيَّةِ
 إِلَيَّ أَنْ أَعَادَهُ اللَّهُ تَعَالَى إِلَيَّ الْحَرَمِ الْمُحْتَرَمِ فَحَمًا حِمَاهُ
 ابْنِ كِلَابٍ وَ اسْمُهُ حَكِيمٌ
 ابْنِ مَرَّةٍ ابْنِ كَعْبٍ ابْنِ لُؤَيٍّ ابْنِ غَالِبٍ ابْنِ فِهْرِ وَ اسْمُهُ
 فَرِيشٌ
 وَ إِلَيْهِ تُنْسَبُ الْبُطُونُ الْقُرَشِيَّةُ وَ مَا فَوْقَهُ كِنَانِيٌّ كَمَا جَنَحَ إِلَيْهِ

الْكَثِيرُ وَ ارْتَضَاهُ
ابْنُ مَالِكِ ابْنِ النَّضْرِ
ابْنُ كِنَانَةَ ابْنِ حُرَيْمَةَ ابْنِ مُدْرِكَةَ ابْنِ الْيَاسِ
وَ هُوَ أَوَّلُ مَنْ أَهْدَى الْبَدْنَ إِلَى الرَّحَابِ الْحَرَمِيَّةِ
وَ سَمِعَ فِي صَلْبِهِ النَّبِيَّ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَ سَلَّمَ ذَكَرَ اللَّهُ تَعَالَى
وَ لَبَّاهُ

ابْنِ مُضَرَ ابْنِ نِزَارِ
ابْنِ مَعَدِّ ابْنِ عَدْنَانَ
وَ هَذَا سَلَكُ نَظَّمَتْ فَرَائِدَهُ بَنَانُ السُّنَّةِ السَّنِّيَّةِ
وَ رَفَعَهُ إِلَى الْخَلِيلِ إِبْرَاهِيمَ أَمْسَكَ عَنْهُ الشَّارِعُ وَ أَبَاهُ
وَ عَدْنَانَ بِلَا رَيْبٍ عِنْدَ ذَوِي الْعُلُومِ النَّسَبِيَّةِ
إِلَى الذَّبِيحِ إِسْمَاعِيلِ نَسَبْتَهُ وَ مُنْتَمَاهُ
فَاعْظَمْ بِهِ مِنْ عَقْدٍ تَأَلَّفَتْ كَوَاكِبُهُ الدَّرِيَّةُ
وَ كَيْفَ لَا وَ السَّيِّدُ الْأَكْرَمُ صَلَّى اللَّهُ عَلَيْهِ وَ سَلَّمَ وَ اسِطَّتُهُ
الْمُنْتَقَاهُ

عَطَّرَ اللَّهُمَّ قَبْرَهُ الشَّرِيفَ بِعَرَفِ شَدِيٍّ مِنْ صَلَاةٍ وَ تَسْلِيمٍ
اللَّهُمَّ صَلِّ وَ سَلِّمْ وَ بَارِكْ عَلَيْهِ
نَسَبَ تَحْسِبُ الْعَلَا بِحَلَاهُ
قَلَدَتْهَا نُجُومُهَا الْجُوزَاءُ
حَبْدًا عَقْدَ سُودِدٍ وَ فَخَارُ
أَنْتَ فِيهِ الْيَتِيمَةَ الْعَصْمَاءُ
وَ أَكْرَمَ بِهِ مِنْ نَسَبِ طَهْرَهُ اللَّهُ تَعَالَى مِنْ سِفَاحِ الْجَاهِلِيَّةِ

أوردَ الزَّيْنُ العِرَاقِيُّ وَارِدَهُ فِي مَوْرِدِهِ الهَنِيِّ وَرَوَاهُ
 حَفْظَ الأَلِه كَرَامَةً لِمُحَمَّدٍ
 أَبَاءَهُ الأَمْجَادَ صَوْنًا لِأَسْمِهِ
 تَرَكَوا السِّفَاحَ فَلَمْ يُصِْبْهُمُ عَارُهُ
 مِنْ أَدَمَ وَآلِي أَبِيهِ وَآمِهِ
 سِرَاةً سَرَّي نُورِ النُّبُوءَةِ فِي أَسَارِيرِ غُرَرِهِمُ البِهِيَّةِ
 وَ يَدَرَ بَدْرُهُ فِي جَبِينِ عَبْدِ المَطْلَبِ وَ ابْنِهِ عَبْدِ اللهِ
 عَطَّرَ اللهُمَّ قَبْرَهُ الشَّرِيفَ بِعَرْفِ شَدِيٍّ مِنْ صَلَاةٍ وَ تَسْلِيمٍ
 اللهُمَّ صَلِّ وَ سَلِّمْ وَ بَارِكْ عَلَيْهِ

Оқылуы:

Бисмиллаһир рахманир рахим.

Ал-хамдулиллахи раббил аламиин. Уас-солату уас-саламу ала расулинә Мухаммадин әлиһи уа асхабиһи ажмаһиин.

Ас-солату уас-саламу ьалайка я расулуллаһи.

Ас-солату уас-саламу ьалайка я хабибуллаһи.

Ас-солату уас-саламу ьалайка я нәбиуллаһи.

Ас-солату уас-саламу ьалайка я хайра халқиллаһи.

Ас-солату уас-саламу ьалайка я нура ьаршиллаһи.

Ас-солату уас-саламу ьалайка я сохиба қаба қаусайни.

Ас-солату уас-саламу ыала ашрафил мурсалинал
мустафа соллаллаһу ыалайһи уа салам. Уа ыала
алиһи уа асхабиһи уа аһләли байтиһил киромил-
лиллаһил фатиха.

*Әуелі Құран сүрелері оқылады. Фатиха сүресі,
Бақара сүресінің алғашқы 5 аят, соңғы 2 аяты,
Ықылас, Фалақ, Нас сүрелері оқылады.*

Бисмиллаһир рахманир рахим.

Абтадиул имлә-ә бисмиз-зәтил ыалий-я.
Мустидир-ран файзал- баракати ыала ма ана-
ләһу уа ауләһ.

Уа у-сән-ни бихамдин мауаридуһу са-и-
гатун һаний-я.

Мумтәты-ән минәш-шукрил жамиили мато-я.

Уа усолли уа усәллиму ыалан-нурил маусуфи
бит-тәкод-дами уал аууалий-я.

Ал-мунтәкили фиил-ғурарил кәриатил уал-
жибаһ.

Уа астәмнихул-лаһә таыала ризуанән иахус-
сул ыитратәт-тоһиратән-нәбәуий-я.

Уа йаұум-мус-сохабатә уал-атбәыа уа ман
уа-ләһ

Уа астәжидиһи һади-ятән лисулукис-
субулил уази хатил жалий-я.

Уа хифзон минал гауа-яти фии хитотил хато-й уа хутоһ.

Уа аншуру мин қис-сотил маулидин-нәбәуии бурудән хисанән ыабқарии-я.

Назыман минан-насабиш-шариифи ықдән тахалләс-самийу би хуләәһ.

Уа астаьиину бихаулил-лаһи уа кууатиһил қауии-я.

Фа ин-наһу ләә хаулә уа ләә кууата иллә бил-лләһ.

Бат-тирил-лаһумма қабраһуш-шарифә би-ьарфин шәзи-ин мин солатин уа таслиим.

Аллаһумма солли уа саллим уа барик ыалайһи.

Уа баьду фа-ақуул, һу-уа саиидинә Мухаммадун саллаллаһу ыалайһи уа салламә ибну Абдулла ибн ыабдул Муттолиби уасмиһу Шайбатул хамд , Ибну һашимин уасмуһул Муғирот, Ибну Қусой-ин уасмуһу Мужаммиь, суммия билқусо-ин литәқосииһи фии биләди кузобатәл қасии-я.

Иләә ан аьдадаһул-лаһу таьаләә иләл-харамил мухтәрами фа хәмәә химәәһ. Ибну Киләбин уасмуһу Хаким. Ибни Муррат ибни Кәьби ибни Лууаи-ин ибни Ғалиби ибни

Фирин уасмуһу Курайш. Уа илэйһи тунсабул бутунул курашиия-ту уа ма фауқаһу Кинәнни-ун кама жанаха илэйһил кәсиру уа артэзоһ.

Ибни Малики ибнин Назр, ибни Кинәнэтә ибни Хузайя-тә ибни Мудрикатә ибни Иляс,

Уа һу-уа ау-уалу ман аһдәл муднә иләрихабил харамайя.

Уа сумиьа фи сулбиһин-нәбиюн саллаллаһу балайһи уа саллам закараллаһә таьалаа уа лаббаһ, ибни Музора ибни Низар. Ибни Маьадди ибни Баднан. Уа һәза силкун нәззомат фарай-даһу бананус-сун-натис-саний-я.

Уа рофьуһу иләл халили Иброхимә әмсәкә ванһуш-шариьу уа абаһ.

Уа ьаднану билә ройбин ьинда зәуиил булумин-насибий-я. Иләл-з-зәбиихи

Исмаьилә нисбәтуһу уа мунтәмәһ.

Фа аьзим биһи мин ьикдин тә-әлләфәт кауакибуһуд-дур-рий-я.

Уа кайфа лә уас-сай-идулакрому соллаллаһу балайһи уа салламә уаситотуһул мунтәқо.

Бат-тирил-лаһумма кабраһуш-шарифә би-ьарфин шәзи-ин мин солатин уа таслиим.

Аллаһумма солли уа саллим уа барик балайһи.

Насабун тәхсибул ьулә бихуләһ. Қалладатһә
нужумуһәл жаузәһ. Хаб-базә ьикду судәдиин уа
фахар.

Әнтә фиһил ятимәтул ьасмаа. Уа акрим
биһи мин насабин тоһ-һораһуллаһу таьала мин
сифахил жаһилия. Аурадуз-зайнул ьирақию
уаридаһу фи мауридиһил һани-ин уа рауаһ.

Хафизал иләһу караматан ли Мухаммад.
Аба-а-һул амжәдә саунән ли исмиһ. Тәракус-
сифаха фалам юсиб-һум ьаруһ. Мин а-дама уа
иләә әбиһи уа уммиһи. Саратун сараа нурун-
нубууати фи асарири ғуарариһимул баһий-я.

Уа батара бадруһу фи жабиини
ьабдилмуттолиби уа ибниһи Абдуллаһи

**Бат-тирил-лаһумма кабраһуш-шарифә
би ьарфин шәзи-ин мин солатин уа таслиим.
Аллаһумма солли уа саллим уа барик ьалайһи.**

Осыдан кейін, Садақал-лаһул-аъзим.
“Субханә раббика раббил-ъиззәти ьамма
йасифун. Уә сәләмун ьаләл мурсалин. Уәл-
хамду лилләһи раббил ьаләмин” - деп “Әл-
Фатиха” сүресі оқылады. Мұнан соң екі қолды
көтеріп, дұға етеміз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН КІТАПТАР ТІЗІМІ:

1. «Әнбия» сүресі, 107-аят
2. Имам Бухари «Намаз кітабы», 1; Мүслім «Иман кітабы», 74-бап
3. Жағфар әл-Барзанжидің «Мәулид ән-наби» кітабынан арабша нұсқада.
4. “Егемен Қазақстан” Республикалық газеті, 2008-04-02:
5. Мұхтасар (Ықшамдалған).
6. Адамзаттың ардақтысы Пайғамбардың (Алланың оған игілігі мен сәлемі болсын) қысқаша өмірбаяны. Тәржімалаған Сәбит Ибадуллаев
7. [www. muftyat.kz](http://www.muftyat.kz)
8. [www muslim.kz](http://www.muslim.kz)

МАЗМҰНЫ

Мәуліт мерекесі құтты болсын!.....	3
Мәуліт.....	8
Мәуліт жайлы ойшылдар ойы.....	14
Тұлғалар тұжырымы.....	16
Салауаттың сансыз сауаптары.....	24
Қысқаша өмірбаяны.....	28
Мұсылман үшін маңызды сұрақ-жауап.....	52
Мәуліт хұтбасы.....	54
Пайдаланылған кітаптар тізімі.....	62

Құрастырған:
Мұхамеджан ЕСТЕМІРОВ, дінтанушы



Редакторы: Ербосын Бектұрсынұлы
Корректоры: Дидархан Мұхамеджанұлы
Дизайнері: Абзал Жауһаров

Басуға берілген 14.01.2015 ж.
Баспа табағы 4 . Офсеттік басылым.
Таралымы 5000 дана. Тапсырыс №.155

«Vainur print» баспаханасында басылды.
Алматы қ, 2015ж